

"Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 30 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің Қазынашылық Комитеті төрайымының 2001 жылғы 18 мамыр N 260 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2001 жылғы 16 маусым тіркелді. Тіркеу N 1546. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 4 тамыздағы № 395 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.08.04 № 395 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 30 V980489_ бұйрығына қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төрайым

Келісілген

Бекітілген

Қазақстан Республикасы
Қаржы бірінші вице-Министрі
2001 жылғы 16 мамырдағы

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
Қазынашылық Комитетінің
2001 жылғы 18 мамырдағы

N 260 бұйрығы

"Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 30 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар

"Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 30 V980489_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

1. 4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Журналдық-ордерлік нысан бойынша шығыс сметаларын орындаудың бухгалтерлік есебін жүргізу жеке жағдайларда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекіткен, оны жүргізу тәртібіне сәйкес жүргізілуі мүмкін."

2. Мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Бас бухгалтерді атқарып отырған лауазымынан босатқан (босатқан, басқа лауазымға тағайындаған, ауыстырған) кезде заңнамаға сәйкес лауазымға тағайындалған бас бухгалтерге, ал соңғысы болмаған кезде - мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен тағайындаған қызметкерге істі тапсыру жүргізіледі.

Істі тапсырушы бас бухгалтер (бұдан әрі - тапсырушы) және істі қабылдап алушы қызметкер (бұдан әрі - қабылдап алушы) істі қабылдап алу және тапсыруды мемлекеттік мекеме басқарушысының бұйрығы негізінде жүргізеді. Бұйрықта бухгалтерлік қызметтің ісін қабылдап алу - тапсыру мерзімі, бірақ екі аптадан аспайтын, тапсырушы мен қабылдап алушының еңбекақысын төлеу тәртібі көрсетіледі. Бұйрықта сол сияқты, істі қабылдап алу-тапсыру кезеңінде құжаттарға қол қою құқығы кімге берілетіні көрсетіледі, бұл ретте, істі қабылдап алушы тұлғаның қол қою құқығын ресімдегенге дейін құжаттарға қабылдап алушының бақылауымен істі тапсырушы қол қоятындығы айтылуы тиіс.

Істі тапсыру процесінде осы мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік есеп жағдайы және есепті деректердің растығы айқындалады, бұл ретте істі қабылдап алушы мен тапсырушының жауапкершілігін шектейтін тиісті Қабылдап алу - тапсыру кесімі (бұдан әрі - Кесім) жасалады.

Бухгалтерлік қызметтің істерін тапсыру соңғы ұсынылған баланс негізінде жүргізіледі. Кесімде істі тапсыру жүзеге асырылатын мерзім көрсетілуі тиіс.

Істі қабылдап алу мен тапсырудың басында істі қабылдап алу-тапсыру сәтіндегі кассаның жағдайы (қолма-қол ақшаны сақтау үшін тиісті шаралардың қамтамасыз етілуі, кассалық кітаптағы жазбалардың жағдайы, кассада сақталатын басқа да құндылықтар бойынша жағдайы және олардың бухгалтерлік жазбаларға сәйкес келуі, чек кітапшаларының саны, қолданылмаған чектердің нөмірлері) тексеріледі. Кассаны тексеру кесіміне бухгалтерлік қызмет ісін тапсырушы тұлға да және қабылдап алушы да, сондай-ақ кассир, не болмаса кассалық операцияны жүргізуге жауап беретін тұлға қол қояды.

Істі қабылдап алу және тапсыру кезінде ақшалай есептің, есеп айырысу операциялары есебінің, баланстың есеп айырысу баптарының (дебиторлық және кредиторлық берешектердің нақтылығы, оған кінәлі тұлғаларды көрсете отырып, өндіріп алу үшін нақты емес берешектің болуы, өзара есеп айырысулардың салыстыру кесімдерінің болуы, бюджетке уақытылы аударылмаған сомалардың болуы), сондай-ақ мемлекеттік мекеменің есептілігін жасаудың (есеп тәртібін

сақтау, ұсынылған есептіліктің сапасы) жағдайы тексеріледі.

О д а н б а с қ а К е с і м д е :

бухгалтерлік қызметте есепті ұйымдастыру (штат, оның жинақтылығы, міндеттемелерді бөлу, лауазымдық нұсқаулықтар, бухгалтерлік есеп және есептілік бойынша нұсқамалық материалдардың болуы, бухгалтерлік кітаптармен, есеп және есептілік бланкілерімен қамтамасыз етілуі), есеп жүйесін қ а л ы п т а с т ы р у ;

есептің бастапқы құжаттамасының, бухгалтерлік есептіліктің жағдайы; есепті және қаржылық бақылауды ұйымдастыру үшін қажетті іс-шаралар; құжаттарды ресімдеудің және сақтаудың дұрыстығы, мұрағаттың жағдайы к ө р с е т і л е д і .

Мемлекеттік мекеменің есеп және есептілік жағдайын тексеру аяқталғаннан кейін құрылған Кесімге істі қабылдап алушы мен тапсырушы қол қояды және мемлекеттік мекеменің басшысы бекітеді. Қабылдап алушы Кесімнің қандай да болмасын ережесімен келіспеген жағдайда, ол оған қол қоятын

кезде тиісті дәлелді ескертулер көрсетуге құқығы бар. Кесім екі данада жасалады, оның біреуі істі тапсырушыда қалады. Кесімге қол қойылғаннан кейін істі тапсырушы бас бухгалтер бухгалтерлік қызметті басқарудан босатылады."

3. 18-тармақтың үшінші абзацындағы "жеке" деген сөз алынып тасталсын.

4. 32-тармақта:

Мемлекеттік мекемелерге арналған шығыстар сметасы орындалуының бухгалтерлік есебі шоттарының жоспарында:

1) V "Ақшалай қаржылар" бөлімінде:

09 "Бюджет бойынша ашылған лимиттер" шоты бойынша:

094 "Өзара борыштарды жабу туралы келісім жөніндегі лимиттер" қосалқы шоты алынып тасталсын;

099 "Сыртқы заемдардың есебінен жобалар бойынша шығыстарға ашық лимиттер" қосалқы шотының атауындағы "заемдардың" деген сөзден кейін "және гранттардың" деген сөздермен толықтырылсын;

11 "Арнаулы және валюталық шоттар" шоты бойынша:

110 "Демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шот" қосалқы шотының атауындағы "арналған" деген сөзден кейін "және сақтандыру төлемін есепке алуға арналған" деген сөздермен толықтырылсын;

113 "Сыртқы заемдар бойынша арнаулы шоттар" қосалқы шотының атауындағы "заемдар" деген сөзден кейін "мен гранттар" деген сөздермен толықтырылсын;

13 "Өзге де ақшалай қаржылар" шоты 130 "Аккредитивтер" қосалқы

шотымен толықтырылсын;

2) VI "Қаржыландыру жөніндегі ішкі ведомстволық есептер" бөлімінде:

14 "Қаржыландыру жөніндегі ішкі ведомстволық есептер" шоты бойынша 145 "Өзара есептеме бойынша ұйымдардың шығыстарына және басқа да шараларға

арналған бюджеттен қаржыландыру жөніндегі есептер" қосалқы шоты алынып тасталсын;

3) VII "Есеп айырысу" бөлімінде:

15 "Атқарылған жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін берермендермен, мердігерлермен және тапсырысшылармен есеп айырысу" шоты бойынша:

151 "Сыртқы заемдар есебінен міндеттемелер бойынша есеп айырысулар" қосалқы шотының атауындағы "заемдар" деген сөзден кейін "мен гранттар" деген сөздермен толықтырылсын;

154 "Бекітілген сметадан тыс несие берушілермен есеп айырысу" қосалқы шотымен толықтырылсын;

17 "Әртүрлі дебиторлармен және несие берушілермен есеп айырысу" шоты бойынша:

176 "Демеушілік және қайырымдылық көмек есебінен шығыстарға алынған қаражаттар бойынша есеп айырысулар" қосалқы шотының атауындағы "қайырымдылық көмек" деген сөздерден кейін ", сақтандыру төлемі" деген сөздермен толықтырылсын;

178 "Өзге дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысу" қосалқы шотының атауындағы "Өзге дебиторлармен" деген сөздердің алдынан "Бекітілген сметаның шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

19 "Зейнеткерлік және әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі есеп айырысу" шоты "199 "Ішкі несиелендіру жөніндегі есеп айырысулар" қосалқы шотымен толықтырылсын;

4) VIII "Шығыстар" бөлімінде:

20 "Бюджет бойынша шығыстар" шоты бойынша:

200 "Бюджет бойынша ұйымдарды ұстауға және басқа шараларға арналған шығыстар" қосалқы шотының атауындағы "Бюджет бойынша" деген сөздердің алдынан "Бекітілген сметаның шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

204 "Сыртқы заемдар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша шығыстар" қосалқы шотының атауындағы "заемдар" деген сөзден кейін "мен гранттар" деген сөздермен толықтырылсын;

208 "Бекітілген сметадан тыс мемлекеттік мекемені ұстауға және басқа

шараларға арналған шығыстар" қосалқы шотымен толықтырылсын.

21 "Өзге шығыстар" шоты бойынша 213-қосалқы шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаты есебінен, сақтандыру төлемінің және өзге де қаражаттың есебінен есеп айырысулар";

5) IX "Қаржыландыру" бөлімінде:

23 "Қаржыландыру" шоты бойынша:

235 "Өзара есеп бойынша ұйымның шығыстарын және басқа шараларды бюджеттен қаржыландыру" қосалқы шоты алынып тасталсын;

239 "Сыртқы заем қаражаттарынан жобаларды қаржыландыру" қосалқы шотының атауындағы "заем" деген сөзден кейін "мен гранттар" деген сөздермен толықтырылсын;

б) X "Нысаналы мақсаттардың қорлары мен қаржылары" бөлімінде:

24 "Нысаналы мақсаттардың қорлары мен қаржылары" шоты бойынша:

247 "Ішкі несиелендіру" қосалқы шотымен толықтырылсын;

249 "Сыртқы заемдар" қосалқы шотының атауындағы "заемдар" деген сөзден кейін "мен гранттар" деген сөздермен толықтырылсын.

5. 33 - тармақта:

1) а) тармақшадағы "еңбек құралы" деген сөздер "құралдар" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) олардың пайдалану мерзіміне қарамастан, сатып алу бағасы бойынша бір бірлік үшін құны 40 есе есептік көрсеткішке дейінгі заттар.

Пайдалану мақсатына және орындалу функцияларына байланысты пайдалану мерзімі табиғи-заттық құрамы бойынша олардың құнына қарамастан активтерге жататын заттар (еңбек құралдары) ерекшелігі құрайды, оларға өндірістік-шаруашылық тағайындалған кітапханалық қорлар, мұражай құндылықтары (белгіленген тәртіппен ескерілген экспонаттардан басқа), жануарлар әлемінің экспонаттары, сахналық-қойылым құралдары, үлгілік жоспарлау жөніндегі құжаттама және басқалар жатады."

6. 38 - тармақта:

1) 2) тармақшадағы "термикалық және химиялық әсер етуге арналған жұмыс машиналары мен жабдықтары" деген сөздердің алдынан "жүк және жолаушы лифтілерін қоса алғанда" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 9) тармақшада:

"теледидарлар" деген сөзден кейін "таспалар, бейне камералар, ұялы байланыс аппараттары, пейджерлер" деген сөздермен толықтырылсын;

"шансорғыштар" деген сөзден кейін "кондиционерлер, микротолқынды пештер" деген сөздермен толықтырылсын.

7. 40-тармақтың 4) тармақшасындағы "қоларбалар" деген сөзден кейін ", мүгедектер арбасы" деген сөздермен толықтырылсын.

8 . 41 - т а р м а қ т а :

1) 2) тармақша ", соғыс және газ пистолеттер" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2) 3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) шаруашылық мүккәмал - офис керек-жарақтары (қабырғалық жиһаз, гарнитурлар, құрамалы жиһаздар, тумбалар, демалыс бұрышы), жылжытпалы барьерлер, ілгіштер, гардеробтар, әртүрлі шкафтар, дивандар, столдар, орындықтар, креслолар, кітап сөрелері, жанбайтын шкафтар мен жәшіктер, сейфтер, жазу машиналары, гектографтар, шапирографтар мен басқа да қолға ұстайтын көбейткіш және нөмірлегіш аппараттар, телефон аппараттары, желдеткіштер, жылжытпалы киіз үйлер, шатырлар (оттегілерінен басқа), кроваттар (арнаулы жабдықтары барларынан басқа), кілемдер, портьерлер, жалюзилер, терезеге арналған торлар және басқа да мүккәмал, сондай-ақ өртке қарсы қолданылатын заттар - гидропульттер, стендерлер, қол сатылар және с.с. (013 "Машиналар мен жабдықтар" қосалқы шоты бойынша есептелетін, автомобильмен қозғалатын өрт су айдағыштары мен механикалық өрт сатыларын қ о с п а ғ а н д а) ; "

3) мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) басқа да өндірістік және шаруашылық мүккәмал - сейфтер, рамадағы картиналар, қола мүсіндер (бюсттер), мраморлы вазалар, шамдар (люстралар, бра), мемлекеттік рәміздер, көрнекілік агитация қабырғалары."

9. 61-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Объектіні пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін тозу сомасы беру жылын есептемегенде, объектінің баланстық құны, оның мемлекеттік мекемеде болған уақыты (күнтізбелік жыл саны бойынша) туралы түгендеу карточкаларда бар деректердің негізінде есептеледі."

10 . 115 - т а р м а қ т а :

09 "Бюджет бойынша ашылған лимиттер" шоты бойынша:

1) 094 "Өзара борыштарды жабу туралы келісім жөніндегі лимиттер" қосалқы ш о т ы а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2) 099 "Сыртқы заемдар есебінен жобалар бойынша шығыстарға арналған ашылған лимиттер" қосалқы шотының атауындағы "заемдар" деген сөзден кейін "мен гранттар" деген сөздермен толықтырылсын;

3) он бірінші абзацтағы "094" деген сандар алынып тасталсын.

11. 119-тармақ алынып тасталсын.

12. 120-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"120-1. 096 "Басқа бюджеттердің есебінен ашылған лимиттер" қосалқы

шотында республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге олар жергілікті бюджеттен лимиттерді алған кезде және керісінше жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге белгілі бір мақсатқа республикалық бюджеттен лимиттерді бөлу кезінде ашылған лимиттердің қозғалысы, оның ішінде ресми трансферттердің (субвенциялардың) қозғалысы е с е п к е а л ы н а д ы .

Басқа бюджеттердің есебінен лимиттерді алған кезде 096 қосалқы шоттың дебеті және 232 "Басқа бюджеттердің есебінен қаржыландыру" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

№ 1 Қазынашылықтың рұқсат бойынша республикалық бюджеттен ресми трансферттерді (субвенцияларды) алған кезде 096-қосалқы шоттың дебеті және 232 "Басқа бюджеттердің есебінен қаржыландыру" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Алынған ресми трансферттер (субвенциялар) жергілікті бюджеттің кіріс шотына аударылады, бұл ретте 202 "Басқа бюджеттер есебінен шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 096-қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Жылдың аяғында жүргізілген шығыстарды есептен шығару 232-қосалқы шоттың дебеті және 202-қосалқы шоттың кредиті бойынша ж а з б а м е н ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы . "

1 3 . 1 2 0 - 3 - т а р м а қ т а :

1) 099 "Сыртқы заемдар есебінен жобалар бойынша шығыстарға арналған ашық лимиттер" қосалқы шотының атауындағы "заемдар" деген сөзден кейін " мен гранттар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 239 "Сыртқы заем қаражаттарынан жобаларды қаржыландыру" қосалқы шотының атауындағы "заем" деген сөз "заемдар мен гранттардың" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

1 4 . 1 2 9 - т а р м а қ т а :

1) 110 "Демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шот" қосалқы шотының атауындағы "арналған" деген сөзден кейін "және сақтандыру төлемін есептеуге арналған" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 113 "Сыртқы заемдар бойынша арнаулы шот" қосалқы шотының атауындағы "заемдар" деген сөзден кейін "мен гранттар" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

15. 130-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"130. 110 "Демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған және сақтандыру төлемін есептеуге арналған ағымдағы шот" қосалқы шотында мемлекеттік мекемелер қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес заңды және жеке тұлғалардан демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы нәтижесінде мүлік зақымданған немесе жойылған жағдайда сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандыру төлемі түрінде алатын қаражаттың

түсуі және жұмсалуды есепке алынады.

Сақтандыру төлемін есептеуге арналған ағымдағы шотқа түскен қаражат зақымданған мүлікті қалпына келтіруге, жеке тораптарды, бөлшектерді, зақымданған мүліктің заттарын жөндеуге, сондай-ақ мүлік толық құрып кеткен кезде жаңа мүлікті сатып алуға жұмсалады.

Демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шотқа, сақтандыру төлемін есептеуге арналған ағымдағы шотқа түскен сомаларға 110-қосалқы шоты дебеттеледі және 176 "Демеушілік және қайырымдылық көмек, сақтандыру төлемінің есебінен шығыстарға алынған қаражаттар бойынша есеп айырысулар" қосалқы шоты кредиттеледі.

Берушіге сатып алынған материалдық құндылықтар үшін демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шоттан қаражат аудару кезінде 178 "Өзге дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысу" қосалқы шотының дебеті бойынша және 110-қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Сатып алынған материалдық құндылықтарды кіріске алу 01, 04, 06, 07 шоттардың тиісті қосалқы шоттарының дебеті бойынша және 178-қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі. Бір уақытта аз бағалы және тез тозатын жабдықтардың активтерін сатып алған кезде 213-қосалқы шоттың дебеті бойынша және тиісінше 250, 260-қосалқы шоттардың кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Жұмсалған материалдардың, ақшалай қаражаттың және басқа да шығыстардың сомасына 213-қосалқы шоттың дебеті және "Материалдық қорлар", "Ақшалай қаржылар", "Есеп айырысулар" шоттарының тиісті қосалқы шоттарының кредиті бойынша жазбалар жүргізіледі.

Сақтандыру өтемінің есебінен жұмсалған сомаларға 213 "Демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаты есебінен, сақтандыру өтемі және басқа да қаражат есебінен шығыстар" қосалқы шоты дебеттеледі және 110-қосалқы шот к р е д и т т е л е д і .

110-қосалқы шот бойынша талдамалық есеп демеушілік және қайырымдылық көмектің жекелеген түрлері бойынша және сақтандыру өтемінің сомасы бойынша 292-а нысан карточкаларында (292-нысан кітабында) жүргізіледі."

1 6 . 1 3 2 - т а р м а қ т а :

1) екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Депозиттік шот қазынашылықтың аумақтық органдарында мыналарға ашылады: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің шешімі негізінде республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне; республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге - қазынашылықтың аумақтық органдарының шешімі негізінде; жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге - жергілікті қаржы органдарының шешімі негізінде.";

2) үшінші абзацтағы "174" деген саннан кейін "Депозиттік сомалар бойынша есеп айырысу" деген сөздермен толықтырылсын.;

3) мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"112-қосалқы шотта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің төлем тапсырмалары негізінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі "Қаржы орталығы" мемлекеттік мекемесінің депозиттік шотына мемлекеттік білімдік несиелер және мемлекеттік студенттік несиелер бойынша кредиттік ресурстары түсімнің есебі жүргізіледі, бұл ретте 112-шоттың дебеті бойынша және 174-шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Қаржы орталығы жасалған үшжақты (Заемшы, Жоғары оқу орны және Қаржы орталығының арасындағы) несиелер келісіміне сәйкес мемлекеттік білімдік несиелер және мемлекеттік студенттік несиелер бойынша жоғары білімі бар мамандарды даярлауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қаражат аударады және 199 "Ішкі несиелендіру бойынша есеп айырысу" қосалқы шотының дебеті бойынша және 112-қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізеді. Қайтару мерзімі басталған кезде немесе игерілмеген несиелер ресурстарын қайтарған жағдайда несиелерді өтеу есебінен Қаржы орталығының депозиттік шотына түскен қаражат бухгалтерлік есепте 112-қосалқы шоттың дебеті бойынша және 199-қосалқы шоттың кредиті бойынша жазбамен көрсетіледі."

17. 132.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"132-1. Сыртқы заемдар (заем қаражаттары)мен гранттар бойынша қаражаттардың түсуі және жұмсалуды жөніндегі қаржы операциялары 113 "Сыртқы заемдар мен гранттар бойынша арнаулы шоттар" қосалқы шотында ескеріледі. Арнаулы шот Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ұсынған екінші деңгейдегі банкте ашылады.

Сыртқы заемдар мен гранттар бойынша арнаулы шотқа қаражат түскен кезде 113-қосалқы шоттың дебетіне және 249 "Сыртқы заемдар мен гранттар" қосалқы шотының кредитіне жазба жүргізіледі.

Сыртқы заемдар мен гранттардың қаражат қозғалысы бойынша есеп 381-нысан (2 мемориалдық ордер) жинақтаушы тізімдемесінде жүргізіледі. Жазбалар жеке шоттардың көшірмесінің және оларға қоса берілген құжаттардың негізінде жүргізіледі.

113 қосалқы шот бойынша талдау есебі 294-а нысан карточкаларында шығыстардың бюджет жіктелімінің кодтары бойынша жүргізіледі."

18. 136-тармақта:

1) екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік мекемелердің кассаларында кассалық операцияларды жүргізу және қолма-қол ақшалардың лимитін анықтау тәртібі оларға енгізілген өзгерістер

мен толықтыруларды қоса алғанда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 195 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде кассалық операцияларды жүргізу ережесінде анықталған." ;

2) жетінші абзацтағы "өзінің" деген сөз алынып тасталсын.

19. 137-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

" 1 3 0 " А к к р е д и т и в т е р " .

20. Мынадай мазмұндағы 137-1-тармақпен толықтырылсын:

"137-1. 130 "Аккредитивтер" қосалқы шотында тауарларды бергені үшін ақы төлеу жөнінде берушінің алдында туындаған мемлекеттік мекемелердің міндеттемелеріне сәйкес ашылған аккредитивтердің сомасы ескеріледі. Шартта есеп айырысу аккредитивті ашу арқылы жүргізілетіні айтылуы тиіс.

Аккредитив - олар өтінім бойынша қабылдаған және клиенттің нұсқаулықтарына сәйкес немесе көрсетілген бенефициарға төлем жүргізуді өз қарауы бойынша (пайдасына аккредитив ашылатын заңды немесе жеке тұлға) қабылданған банктің міндеттемелерін көздейтін құжаттық шығыстардың нысаны

Аккредитив бюджет қаражатынан да және ақылы қызметті іске асырудан алынған қаражат есебінен де, демеушілік және қайырымдылық көмек ағымдағы шот қаражаты есебінен де, сондай-ақ валюталық шоттың қаражаты есебінен а ш ы л а а л а д ы .

Аккредитивті ашу және орындау тәртібі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 178 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктері құжаттық аккредитивтермен операциялар жүргізу ережесінде белгіленген.

Аккредитивтерді орындау мақсатында жүзеге асырылатын төлемдер тек қана қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүргізіледі.

Аккредитивті ашқан кезде 130-қосалқы шот дебеттеледі және 09, 10, 11 шоттардың тиісті қосалқы шоттары кредиттеледі.

Аккредитивтің пайдаланылған сомасына 130-қосалқы шоттың кредиті бойынша және материалдық құндылықтар 01, 04, 06, 07-шоттардың тиісті қосалқы шоттарының дебеті бойынша жазба жүргізіледі.

Аккредитивтің пайдаланылмаған сомасы тиісті бюджеттік немесе 09, 10, 11-ағымдағы шоттарға есепке алынады.

130-қосалқы шот бойынша талдамалы есеп әрбір ашылған аккредитив бойынша 292-а нысан карточкаларында (292-нысан кітабында) жүргізіледі."

21. 140-тармақтағы 145 "Өзара есеп бойынша ұйымның және басқа да шығындарға арналып бюджеттен қаржыландыру бойынша есептемелер" деген қосалқы шот алынып тасталсын.

22. 145-тармақтағы ", 145" деген сандар алынып тасталсын.

23. 146-тармақ алынып тасталсын.

24. 147-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"147. Осы бөлімде тауарлар, орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін берушілермен және мердігерлермен есеп айырысу, әлеуметтік салық жарналары және басқа да төлемдер бойынша бюджетпен, есеп беретін адамдармен, жұмысшылармен және қызметшілермен, стипендиаттармен, депоненттермен, мектеп-интернаттарда және басқа балалар мекемелерінде балаларды ұстағаны үшін ата-аналармен, өзге дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысу, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша есеп айырысу және есеп айырысудың басқа да түрлері ескеріледі.

"Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңына сәйкес мемлекеттік мекемелер жасайтын азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен тіркеуге жатады.

Мемлекеттік бюджеттің есебінен тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) сатып алуға арналған азаматтық-құқықтық шарттарды жасайтын мемлекеттік мекемелер оларды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдарында (бұдан әрі - қазынашылықтың аумақтық органдары) тіркейді.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік мекеме жасайтын, бірақ қазынашылықтың аумақтық органдарынан тіркеуден өтпеген шарттар бюджеттік қаржы бөлумен қамтамасыз етілмейді және аяқталмаған болып саналады.

Мемлекеттік мекеме сметалық тағайындау көлемінен немесе бөлінген лимиттерден тыс қарызға алған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бюджеттік ақша есебінен төлеуге жатпайды.

Бекітілген сметалардан тыс тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сатып алғаны үшін мемлекеттік мекемелердің лауазымды тұлғалары заңнамада белгіленген тәртіппен жауап береді.

Бекітілген сметадан тыс сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құнын төлеуге ұсынылған құжаттар (шоттар, орындалған жұмыстардың кесімдері) және сатып алынған тауарлар берушіге қайтарылуы тиіс, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) қайтару мүмкіндігі болмаған жағдайда, берушіге берешек мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік есебінде көрсетіледі." .

25. 148-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"148. Түгендеу нәтижелері бойынша дебиторлармен және кредиторлармен есеп айрысуларда мынадай өндіріп алу үшін нақты емес:

1) дебиторлық берешек:

өндіріп алудан сот бас тартқан, оның ішінде қуыну мерзімі аяқталуы себепті;
оның мүліктерінің жетіспеуіне байланысты борышкерді тарату кезінде

канағаттанбаған, сондай-ақ таратылған балансты бекіткенге дейін несие беруші мәлімдеген;

2) кредиторлық берешек:

несие берушіні таратқан жағдайда;

мемлекеттік мекемеден өндіріп алудан сот бас тартқан, оның ішінде қуыну мерзімі аяқталуы себепті.

Дебиторлық және кредиторлық берешекті есептен шығаруға негіздеме болған кезде дебиторлармен және несие берушілермен мынадай мәліметтері болуға тиіс есеп айырысуларды түгендеу кесіміне Анықтама жасалады:

дебитордың, несие берушінің атауы, нақты заңды мекен-жайы, СТН (салық төлеушінің тіркеу нөмірі). Егер борышкердің мекен-жайы және орналасқан жері белгісіз болған жағдайда, оған іздеу салу бойынша қолданылған шаралар көрсетіледі;

берешектің сомасы:

берешек қандай баланстық шотта есепке алынады, қандай міндеттемелер бойынша;

берешектің пайда болған күні;

берешекті растайтын құжаттар;

берешектің пайда болуына немесе берешекті уақытында өндіріп алуға кінәлі лауазымды тұлға;

кері тәртіппен кінәлінің есебінен залалдың сомасын өндіріп алудың мүмкін еместігі;

өндіріп алу үшін нақты емес борышты мойындаудың толық негіздемесі (дебиторлық берешектің) (борышты өндіріп алу бойынша қабылданған нақты шаралар, оның ішінде талап қою-қуыну жұмыстарын жүзеге асыру, берілген атқару құжаттары бойынша ақпараттар; тарату комиссиясы шешімінің күні, нөмірі немесе борышкердің банкроттығын мойындаған жағдайда тарату балансын бекіту туралы сот шешімі. Мемлекеттік мекемеге қуындан бас тартқан кезде бас тартудың негіздемесін, жоғары тұрған сот органдарында сот шешімінің шағымы бойынша қолданылған шаралар көрсетілсін.);

кредиторлық берешекті есептен шығару туралы шешім қабылдауға арналған себептер (негіздемелер).

Мемлекеттік мекеменің басшысы Есеп айырысуларды түгендеу кесімі,

Дебиторлармен және несие берушілермен есеп айырысуды түгендеу кесіміне анықтама, сондай-ақ Түгендеу комиссиясының хаттамасы негізінде бұл туралы он күндік мерзімде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне хабарлай отырып, дебиторлық және кредиторлық берешекті есептен шығару туралы шешім қабылдайды.

Дебиторлық берешекті өндіріп алуға арналған нақты емес сомалар мемлекеттік мекеме басшысының шешімі бойынша есептен шығарылады және қаржыландырылуын кемітуге жатқызылады, бұл ретте 140, 230-қосалқы шоттар дебеттеледі және есеп айырысулардың тиісті қосалқы шоттары кредиттеледі.

Мемлекеттік мекеменің басшысы оны есептен шығару туралы шешім қабылдаған кредиторлық берешектің сомасы (оған объективтік жағдайлар болған кезде) есептен шығарылады және 140, 230-қосалқы шоттардың артуына жатқызылады. Бухгалтерлік есепте бұл операция есеп айырысудың тиісті қосалқы шоттарының дебеті бойынша және 140, 230-қосалқы шоттардың кредиті бойынша көрсетіледі.

Борышкерлерден берешекті өндіріп алу бойынша уақытылы шаралар қолданбағаны үшін, берешекті негіздемесіз және заңсыз есептен шығарғаны үшін мемлекеттік мекеменің басшысы және борышкерлерден берешекті өндіріп алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру (қуынуды ұсыну, шоттардың шешіміне шағыну, атқарушы құжаттарды алу, сот атқарушыларына немесе екінші деңгейдегі банктерге атқарушы парақтарды жіберу) міндеттемесі жүктелген басқа да тұлғалар қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес тәртіптік және/немесе басқа да жауапкершілікте болады."

26. 149 - тармақтағы:

1) 151 "Сыртқы заемдар есебінен міндеттемелер бойынша есеп айырысулар" қосалқы шотының атауындағы "заемдар" деген сөзден кейін "мен гранттар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 154 "Бекітілген сметадан тыс несие берушілермен есеп айырысу" қосалқы шотымен толықтырылсын.

27. 150. 1 - тармақта:

"заемдар" деген сөздерден кейін тиісінше "мен гранттар", "мен гранттардың" деген сөздермен толықтырылсын.

28. Мынадай мазмұндағы 153-тармақпен толықтырылсын:

"154 "Бекітілген сметадан тыс несие берушілермен есеп айырысу" қосалқы шотында мемлекеттік мекеменің бекітілген шығыстар сметасынан тыс сатып алынған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу ескеріледі. Егер беруші мемлекеттік мекемеге алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін құжаттар ұсынса, бірақ берушіге тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) қайтару мүмкіндігі болмаса, онда 154 "Бекітілген сметадан тыс несие берушілермен есеп

айырысу" қосалқы шотының кредитіне және тиісті қосалқы шоттардың дебетіне жазба жүргізіледі. Өткен жылдың сметадан тыс сатып алынған тауарлары (жұмыстары, қызметтері) бойынша мемлекеттік мекемеде 2001 жылғы 1 қаңтарға дейін пайда болған берешек 154-қосалқы шотқа ауысуы тиіс.

Бекітілген сметадан тыс міндеттеме қабылдауға жол берген лауазымдық тұлғалар заңнамада белгіленген тәртіппен жауап береді.

Несие берушілермен бекітілген шығыстар сметасынан тыс есеп айырысу есебі 292-нысан кітабында (292-а нысан карточкаларында) жүргізіледі".

29. 160 - тармақтағы :

1) 176 "Демеушілік және қайырымдылық көмектердің есебінен шығыстарға алынған қаражат бойынша есеп айырысулар" қосалқы шотының атауындағы "қайырымдылық көмектердің" деген сөздерден кейін ", сақтандыру төлемінің" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 178 "Өзге дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысу" қосалқы шотының атауындағы "Өзге дебиторлармен" деген сөздердің алдынан "Бекітілген сметаның шегінде" деген сөздермен толықтырылсын.

30. 165-тармақтың алтыншы абзацында:

"10" деген саннан кейін "11" деген санмен толықтырылсын;

"173 қосалқы шоты кредиттеледі" деген сөздер "238, 400-қосалқы шоттар кредиттеледі" деген сөздермен ауыстырылсын.

31. 171 - тармақта :

1) бесінші абзац алынып тасталсын:

2) "кредиторлық және" деген сөздер алынып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:

"173-қосалқы шотта Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қаржы орталығының мемлекеттік білім және мемлекеттік студенттік несиелерді өтеу есебінен депозиттік шотқа түскен қаражат бойынша немесе Қаржы орталығы үш күндік мерзімде республикалық бюджеттің кірісіне аударуға міндетті игерілмеген несие қаражатын қайтарған жағдайдағы есеп айырысу ескеріледі. Республикалық бюджеттің кірісіне есепке алуға жататын сомаға 247 "Ішкі несиелендіру" қосалқы шотының дебеті бойынша және 173-қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі, қаражатты аудару 173-қосалқы шоттың дебеті бойынша және 112-қосалқы шоттың кредиті бойынша жазбамен көрсетіледі."

32. 172-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"174-қосалқы шотта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қаржы орталығының депозиттік шотына түскен және мемлекеттік білім несиелерін және мемлекеттік студенттік несиелерді беру үшін тағайындау бойынша пайдаланылатын қаражат бойынша есеп айырысу ескеріледі.

Депозиттік шотқа қаражат түскен кезде 112-қосалқы шоттың дебеті бойынша және 174-қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Қаржы орталығы мемлекеттік білім несиелері және мемлекеттік студенттік несиелер бойынша жоғары білімі бар мамандарды даярлауды жүзеге асыратын заңды тұлғаға қаражат аудару кезінде 174-қосалқы шоттың дебеті бойынша және 247-"Ішкі несиелендіру" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі".

33. 173-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"173. 176 "Демеушілік және қайырымдылық көмек есебінен шығыстарға алынған қаражаттар бойынша есеп айырысулар" қосалқы шотында демеушілік және қайырымдылық көмек, сондай-ақ сақтандыру өтемінің және қатаң түрде мақсатты тағайындау бойынша пайдаланылатын сомалар түрінде түскен қаражаттар бойынша есеп айырысулар ескеріледі.

Демеушілік және қайырымдылық көмек үшін ағымдағы шотқа, сақтандыру өтемі үшін ағымдағы шотқа, мақсатты тағайындау бойынша жұмсау үшін түскен сомалар 176-қосалқы шоттың кредитіне және 110-қосалқы шоттың дебетіне ж а з ы л а д ы .

Қаржы жылының аяқталуы бойынша жыл ішінде жүргізілген есеп айырысулардың жалпы сомасы 213-қосалқы шоттың кредитінен 176-қосалқы шоттың дебетіне көшіріледі.

Демеушілік және қайырымдылық көмектің жекелеген түрлері бойынша және сақтандыру өтемінің сомалары бойынша есеп айырысулардың талдамалы есебі 292-а нысан карточкаларында (292-нысан кітабына) жүргізіледі.

34. 174-тармақтың екінші абзацы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші қосымшалармен толықтырылсын:

"Жалақының депонентінен берілген сомаға 177-қосалқы шот дебеттеледі және 120-қосалқы шот кредиттеледі. Тиісті бюджетке төлеуге жататын қуыну мерзімі өткен депоненттік берешек сомасы 177-қосалқы шоттың дебеті бойынша және 173-қосалқы шоттың кредиті бойынша ескеріледі."

35. 175 - т а р м а қ т а :

1) бірінші абзацтағы "Басқа дебиторлармен" деген сөздердің алдынан "Бекітілген шығыстар сметасы шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

2) екінші абзацтағы "Басқа дебиторлармен" және "шығыстардың" деген сөздердің алдынан "Бекітілген шығыстар сметасы шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

3) үшінші абзацтағы "Басқа дебиторлармен" деген сөздердің алдынан "Бекітілген шығыстар сметасы шегінде" деген сөздермен толықтырылсын.

36. 179-тармақтың бесінші абзацындағы ақырғы сөйлем алынып тасталсын.

37. 191-тармақ "199 "Сыртқы несиелендіру бойынша есеп айырысулар" қосалқы шотымен толықтырылсын.

1) мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"Әлеуметтік төлемдер және әлеуметтік көмектер бойынша, қызметкерлер мен қызметшілерге еңбекте алған жарақат, не болмаса заңнамаға сәйкес олардың еңбектегі міндеттерін орындауға байланысты өзге де денсаулығын зақымдаған залалдың орнын толтыру, нормативтік құқықтық кесімдерде белгіленген тәртіппен жасалған түгендеу кесімдерінің негізінде олардың өздігінен қоныс аудару және мүлікті көшіру кезінде біржолғы жәрдемақы және шығыстарын өтеу түрінде репатрианттарға (оралмандарға) өтемақы, сондай-ақ репатрианттарға (оралмандарға) өздігінен көшу және мүлікті көшіру кезінде біржолғы жәрдемақы және шығыстарды өтеу сомасын есептеу тізілімі бойынша;"

2) мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"жеке тұлғаларға басқа да трансферттер бойынша.";

3) жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметкерлерге тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет бойынша шығыстарды өтеуге ақшалай жәрдемақыны есептеудің және төлеудің талдамалы есебі, әрбір жәрдемақы алушы бойынша 292-а нысан карточкаларында немесе 292-нысан кітабында жүргізіледі. Әскери қызметкерлерге тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай жәрдемақының синтетикалық есебі N 405 нысан бойынша N 5 "Жалақы және стипендия бойынша есеп айырысу тізімдемелерінің жиынтығы" мемориалдық ордерінде жүргізіледі."

39. Мынадай мазмұндағы 192-1-тармақпен толықтырылсын:

"192-1. 199 "Ішкі несиелендіру бойынша есеп айырысулар" қосалқы шотында мемлекеттік мекеме қайтару негізінде ішкі несиелендіру міндеттемелері бойынша есеп айырысуларды ескереді.

Республикалық немесе жергілікті бюджеттерден ішкі несиелендіруге бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бөлінген қаражат сомасы осы қосалқы шоттың тиісті дебеті бойынша және 090, 100-қосалқы шоттардың кредиті бойынша көрсетіледі. Бір мезгілде 200-қосалқы шоттың дебеті бойынша және 247-қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Ішкі несиелендіру бойынша қаражатты қайтару 247-қосалқы шоттың дебеті бойынша және 199-қосалқы шоттың кредиті бойынша жазбада көрсетіледі.

199-қосалқы шотта Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қаржы орталығының заемшыларға мемлекеттік білім несиесінің және мемлекеттік студенттік несиенің берілуі, сондай-ақ олардың қайтарылуы бойынша есеп ескеріледі. Қаржы орталығы мемлекеттік білім несиесін және

мемлекеттік студенттік несиені жоғары білімі бар мамандарды даярлауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қаражат аударуы 199-қосалқы шоттың дебеті бойынша және 112-қосалқы шоттың кредиті бойынша бухгалтерлік есепте жазбамен көрсетіледі, бір уақытта 174-қосалқы шоттың дебеті бойынша және 247-қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Қайтару мерзімі басталған кезде немесе игерілмеген несиелік ресурстар қайтарылған жағдайда несиелерді өтеу есебінен Қаржы орталығының депозиттік шотына түскен қаражат 112-қосалқы шоттың дебеті бойынша және 199-қосалқы шоттың кредиті бойынша ж а з б а м е н к ө р с е т і л е д і .

199-қосалқы шот бойынша талдамалы есеп 292-а нысан карточкаларында (292-нысан кітаптарында) жүргізіледі.
40 . 195 - т а р м а қ т а :

1) 200 "Бюджет бойынша ұйымдарды ұстауға және басқа шараларға арналған шығыстар" қосалқы шотының атауындағы "Бюджет бойынша" деген сөздердің алдынан "Бекітілген сметаның шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 204 "Сыртқы заемдар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша шығыстар" қосалқы шотының атауындағы "заемдар" деген сөзден кейін "мен гранттар" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 208 "Бекітілген шығыстар сметасынан тыс мемлекеттік мекемені ұстауға және басқа шараларға арналған шығыстар" қосалқы шотымен толықтырылсын.
41 . 196 - т а р м а қ т а :

1) бірінші абзацтағы "ұйымдарды ұстауға" деген сөздердің алдынан "бекітілген шығыстар сметасының шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Қайтару негізінде (ішкі несиелендіру бойынша) республикалық немесе жергілікті бюджеттерден қаражат бөлген жағдайда бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі 200-қосалқы шоттың дебеті бойынша және 247-қосалқы шоттың кредиті б о й ы н ш а ж а з б а жүргізеді."

42 . 198 - 1 - т а р м а қ т а :

1) бірінші абзац мынадай мазмұнда жазылсын:

"204 "Сыртқы заемдар мен гранттар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша шығыстар" қосалқы шотында сыртқы заемдар есебінен жобаларды іске асыру барысында жүргізілген шығыстар халықаралық қаржылық ұйымдардан және шетел мемлекеттерінен алынған гранттардың есебінен шығыстар ескеріледі .
"

2) алтыншы абзац мынадай мазмұндағы абзацпен ауыстырылсын:

"Ағымдағы қаржы жылында заемдарды игеру барысында жүзеге асырылған сыртқы үкіметтік заемдардың есебінен жобалар бойынша шығыстар жылдың аяғында есептен шығарылады, бұл ретте 249 "Сыртқы заемдар мен гранттар"

қосалқы шотының дебеті бойынша және 204-қосалқы шоттың кредиті бойынша
жазба жүргізіледі.

Гранттардың есебінен шығыстар қаржы жылы аяқталғаннан кейін 204-қосалқы шоттың кредитінен 249-қосалқы шоттың дебетіне көшіріледі.";

3) жетінші абзацтағы "заемдар" деген сөзден кейін "мен гранттар" деген сөздермен толықтырылсын.

43. Мынадай мазмұндағы 199-тармақпен толықтырылсын:

"208 "Бекітілген сметадан тыс мемлекеттік мекемені ұстауға және басқа іс-шараларға арналған шығыстар" қосалқы шотында қарызға алынған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушіге қайтару мүмкіндігі болмаған жағдайда мемлекеттік мекеменің бекітілген шығыстар сметасынан тыс іс жүзіндегі шығыстар ескеріледі. Егер мемлекеттік мекемеде бекітілген сметадан тыс 2001 жылғы 1 қаңтарға дейін жүргізілген іс жүзіндегі шығыстар бар болса, онда олар 200-қосалқы шоттан 208-қосалқы шотқа ауыстырылуы тиіс.

Іс жүзіндегі шығыстардың талдамалы есебі 294-нысандағы кітапта жүргізіледі."

44. 200-тармақтағы 213 "Басқа да қаражаттар бойынша шығыстар" қосалқы шотының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"213 "Демеушілік және қайырымдылық көмектен алынатын қаражат есебінен, сақтандыру төлемдерінің және өзге де қаражаттың есебінен шығыстар".

45. 204-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"204. 213 "Демеушілік және қайырымдылық көмектен алынатын қаражат есебінен, сақтандыру төлемдерінің және өзге де қаражаттың есебінен шығыстар" қосалқы шотында демеушілік және қайырымдылық көмектен алынатын қаражат есебінен, сақтандыру төлемдерінің және өзге де қаражат есебінен шығыстар ескеріледі.

Жұмсалған материалдардың, ақшалай қаражаттың және басқа да шығыстардың сомасына 213-қосалқы шоттың дебетіне және "Материалдық қорлар", "Ақшалай қаржылар", "Есеп айырысу" шоттарының тиісті қосалқы шоттарының кредитіне жазба жүргізіледі. Жыл аяқталғаннан кейін 213-қосалқы шот ағымдағы жылы 176-қосалқы шоттың дебетіне жүргізілген шығыстарды есептен шығару жолымен жабылады.

Шығыстардың талдамалы есебі 283-нысандағы көп бағанды карточкаларда

жекелеген ұйымдар (тапсырыс берушілер) және іс-шаралар бойынша жүргізіледі."

46. 209-тармақта:

1) 235 "Өзара есеп бойынша ұйымның шығыстарын және басқа шараларды бюджеттен қаржыландыру" қосалқы шоты алынып тасталсын;

2) 239 "Сыртқы заем қаражатынан жобаларды қаржыландыру" қосалқы шотының атауындағы "заем" деген сөзден кейін "мен гранттар" деген сөздермен толықтырылсын.

47. 211-тармақ алынып тасталсын.

48. 213.1. тармақта "Сыртқы заемдардың" деген сөздерден кейін "және гранттардың" деген сөздермен толықтырылсын.

49. 214-тармақта:

мынандай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"247 "Ішкі несиелендіру".

50. Мынадай мазмұндағы 216-1-тармақпен толықтырылсын:

"216-1. 247 "Ішкі несиелендіру" қосалқы шотында қайтарымды негізде республикалық немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен берілген (ішкі несиелер бойынша) несиелер ескеріледі.

247-қосалқы шоттың несиесі бойынша берілген несиелер бойынша (ішкі несиелендіру бойынша) берешек сомасы көрсетіледі.

Несиенің қайтарылуын растайтын төлем құжаттарының негізінде несиені өтеу жүргізіледі, бұл ретте 247-шот дебеттеледі және 199-қосалқы шот к р е д и т т е л е д і .

247-қосалқы шотта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қаржы орталығы 174-қосалқы шоттың дебеті бойынша және 247-қосалқы шоттың кредиті бойынша жазбада көрсетілетін білімдік несиелер және мемлекеттік студенттік несиелер бойынша жоғары білімі бар мамандарды даярлауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға аударылған қаражатты, сондай-ақ қайтару мерзімі басталған кезде немесе игерілмеген несиелер қаражатын қайтарған жағдайда республикалық бюджеттің кірісіне несиелерді өтеу ескеріледі, бұл ретте республикалық бюджеттің кірісіне есепке алуға жататын сомаға 247-қосалқы шоттың дебеті бойынша және 173-қосалқы шоттың кредиті бойынша ж а з б а жү р г і з і л е д і .

247-қосалқы шот бойынша талдамалы есеп 283-нысан көп бағанды карточкаларында жүргізіледі."

51. 217-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"217-1. 249 "Сыртқы заемдар мен гранттар" қосалқы шотында Заем туралы келісімге сәйкес жобаларды қаржыландыру үшін алынған заем сомасы және халықаралық қаржы ұйымдарынан және шет мемлекеттерден алынған гранттардың сомасы ескеріледі.

Алынған заемдар мен гранттардың сомасы 249-қосалқы шотының кредиті бойынша және 113 "Сыртқы заемдар бойынша арнаулы шоттар" қосалқы

шотының дебеті бойынша көрсетіледі.

Ағымдағы жылы сыртқы үкіметтік заемдарды игеру барысында жүргізілген шығыстар сомасы жылдың аяғында 204-қосалқы шоттың кредитінен 249-қосалқы шоттың дебетіне көшіріледі.

Қаржы жылы аяқталғаннан кейін жұмсалған гранттардың сомасы 204-қосалқы шоттың кредитінен 249-қосалқы шоттың дебетіне көшіріледі.

Ағымдағы қаржы жылы сыртқы үкіметтік заемдарды қамту барысында жүргізілген шығыстардың сомасы жылдың аяғында 204-қосалқы шоттың кредитінен 249-қосалқы шоттың дебетіне көшіріледі.

5 2 . 2 2 9 - т а р м а қ т а :

1) он екінші абзацтағы ", бұл ретте материалдар мен есеп айырысулардың тиісті қосалқы шоттары кредиттеледі" деген сөздер алынып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Бұл ретте материалдар мен есеп айырысулардың тиісті қосалқы шоттары к р е д и т т е л е д і . "

53. Көрсетілген нұсқаулыққа 2 "Негізгі бухгалтерлік операциялар бойынша қосалқы шоттардың хабарламасы" қосымшасында:

1) 61.1-тармақтағы "заем" деген сөзден кейін "мен гранттар" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

2) 71 және 72-тармақтар алынып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 91-1, 91-2, 91-3-тармақтармен толықтырылсын:
"91-1 Берушілермен есеп айырысу үшін аккредитив ашу", дебет бойынша бағанда - "130", кредит бойынша бағанда - "090, 096, 100, 110, 111";

"91-2 Ашық аккредитивтердің есебіне берушіден алынатын материалдық құндылықтардың түсімі", дебет бойынша бағанда - "013-019, 040, 060-067, 069, 070", кредит бойынша бағанда - "130",

Активтерді (негізгі құралдарды) және төмен бағалы және тез тозатын заттарды кіріске алу кезінде, бір уақытта екінші жазба жүргізіледі", дебет бойынша бағанда - "200, 211, 213", кредит бойынша бағанда - "250, 260"

"91-3 Аккредитивтің пайдаланылмаған қалдықтарын қайтару", дебет бойынша бағанда - "090, 096, 100, 110, 111", кредит бойынша бағанда - "130";

4) 124-тармақтағы "әлеуметтік қамсыздандыруға арналған алымның" деген сөздер "есептелген әлеуметтік салықтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 125 және 126-тармақтар алынып тасталсын;

6) 127-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"127 Міндетті әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақы төлемдері", дебет бойынша бағанда - "159", кредит бойынша - "171";

7) 129-тармақ алынып тасталсын;

8) 130-тармақтағы "интернаттардағы" деген сөздің алдынан "

мектеп-интернаттардағы және" деген сөздермен толықтырылсын;
9) 138-тармақтағы "кредиторлық және" деген сөздер алынып тасталсын, " дебет бойынша бағанда "178" саны алынып тасталсын;
10) мынадай мазмұндағы 138-1-тармақпен толықтырылсын:
"138-1 Қуыну мерзімі өткен кредиторлық берешек сомасын есептен шығару, дебет бойынша бағанда - "178", "кредит бойынша" бағанда - "140, 230";
11) мынадай мазмұндағы 155-1 және 155-2-тармақтармен толықтырылсын:
"155-1 Қайтарымды негізде сырттай несиелендіру бойынша бөлінген

қаражатты аудару". дебет бойынша бағанда - "199", кредит бойынша бағанда - "090".

Бір уақытта қайтарымды негізде сырттай несиелендіру бойынша бөлінген қаражат сомасына екінші жазба жүргізіледі", дебет бойынша бағанда - "200", кредит бойынша - "247".

155-2 Сырттай несиелендіру бойынша қаражатты қайтару", дебет бойынша бағанда - "247", кредит бойынша - "199";

12) 159.1 және 162.1 тармақтарда "заемдар" деген сөздерден кейін "және гранттар" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 171.1-тармақта "заемды" деген сөзден кейін "және гранттарды" деген сөздермен толықтырылсын.

54. Көрсетілген нұсқаулыққа 3-қосымшада 405 "5 Мемориалдық ордер" 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Мемлекеттік ұйымның Қазынашылық комитетінің 18 мамыр 2001 ж.
(орталықтандырылған Қазынашылық комитетінің 18 мамыр 2001 ж.
бухгалтерияның) атауы N 260 бұйрығына N 1 -қосымша

5 МЕМОРИАЛДЫҚ ОРДЕР

200__ жылғы _____

Жалақы мен стипендиялар бойынша есеп айырысу ведомостарының жиынтығы

N 405-нысан

Қосалқы Қосалқы Сома.

ШОТТЫҢ ШОТТЫҢ СЫ
ДЕБЕТІ КРЕДИТІ

Жалақының есептелгені	200	180
" " "	211	180
Стипендияның есептелгені	200	181
Уақытша жұмысқа жарамсызды. ғы, жүктілігі және босануы	171	180
жөнінде жәрдемақы есептелді		
Жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы	180	198
жарналары есептелді		
Салықтың ұсталғаны	180	173
Депозитке салынатын жалақының сомасы,	180	177
.....		
.....		
Несиеге сатылған тауарлар		
үшін ұсталды	180	182
Шоттарға салымдар жөнінде қолма-қол ақшасыз аудару	180	183
бойынша ұсталғаны		
Бас бухгалтер _____ Ерікті сақтандыру келісімі	180	184
(қолы) бойынша ұсталды		
_____ Мүшелік кәсіподақ жарналары.		
(қолының толық жазылуы) ның сомасы қолма-қол ақшасыз	180	185
аудару бойынша ұсталғаны		
Банктің ссудалары бойынша	180	186
Орындаушы _____ ұсталғаны		
(лауазымы) (қолы) Атқарушы құжаттар және басқа	180	187
ұсталымдар бойынша ұсталғаны		

(қолының толық жазылуы)		
.....		
Әлеуметтік салықтан	200	159
есептелгені		
" " "	211	159
.....		

.....
Барлығы

№ 405-нысанның арғы беті

Бюджеттік Ведо. ЕСЕПТЕЛГЕНІ
жіктеменің мос.

— мекемесі, тың штат қызметкерлеріне штаттан тыс Уақытша
бағдарламасы, (жеке түрлеріне) қызметкерлерге жұмысқа Барлық
кіші бағдар. N жарам. есеп.
ламасы сыздығы телге.
Ақылы қызмет жөнін. ні
көрсетуден дегі
алынатын жәрдем.
қаражаттың ақы
түрлері
Қызмет Бар. ерек. ерек. күн. сома.
көрсетілетін лығы шелік шелік дері сы
мемлекеттік
мекемелердің
атауы

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13

Таблицаның жалғасы 1.

Ұсталғаны

1-ші жарты жинақтаушы төлем атқару. несиеге кәсіподақ аралық жылдыққа зейнетақы көзде. шықу. сатыл. жарнала. есеп аванс қорларына рінен жаттар ған рының айы. міндетті ұстал. бойынша тауар. сомасын рысу зейнетақы ған лар қолма- кезе. жарналары жеке үшін қол ңін. тұлға. ақшасыз дегі лардан аудару төлем алына. бойынша тын таб. салығы

14 15 16 17 18 19 21 22 23 24

Таблицаның жалғасы 2.

Берілетін
 _____ сомасы
 барлық _____ Әлеуметтік
 ұсталғаны _____ салықтан
 несиеге есептелгені

25 26 27 28

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК